



Ағылшын тілінен аударма

Брюссель, 09 қазан 2014
141009/03

**Сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі Еуропалық Одақ жоғары өкілі және
Еуропа Кеңесі Бас хатшысының Еуропалық және Дүниежүзілік өлім жазасына қарсы күн
жөнінде бірлескен декларациясы
10 қазан 2014ж.**

«Бүгін, Еуропалық және Дүниежүзілік өлім жазасына қарсы күні Еуропалық Одақ пен Еуропа Кеңесі кез келген жағдайда және кез келген мән-жайда жазаның ең ауыр дәрежесімен қатаң және мүлде келіспейтіні туралы және бүкіл әлемде одан бас тартуға қол жеткізу ниеті туралы қайтадан мәлімдейді. Бізді көптеген өлім үкімдеріне, өлім жазасын қолдану немесе бірнеше жыл өткеннен кейін ұру-соғу жазасын қайта бастау көзқарасынан ішкі заңнаманы кеңейтуге келтіретін соттың жаппай іс қараулары түріндегі кейбір елдердегі регресс қатты алаңдатады.

Біздің мүше-мемлекеттерде соңғы 17 жыл ішінде бірде-бір өлім жазасы қолданылған жоқ. Еуропалық Одақ пен Еуропа Кеңесі барлық Еуропалық Одаққа мүше-мемлекеттер Адам құқығын қорғау туралы еуропалық конвенцияның №6 және №13 Хаттамаларын ратификациялағанын қуаттайды және осы уақытқа дейін бұны жасамаған, қалған барлық мемлекеттерді өлім жазасынан бас тартуға бағытталған осы құжаттарға қол қою мен ратификациялауға шақырады.

Еуропалық Одақ пен Еуропа Кеңесі жазаның бұл түрін осы күнге дейін қолданатын, еуропалық елдер арасында жалғыз Беларусьте жуырда өлім жазасы орындалғаны туралы қатты өкінеді. Олар Беларусьті 2013 жылы өлім жазасына кесілген екі адамның үкімін жеңілдетуді және оны толық жоюдың бірінші қадамы ретінде өлім жазасына мораторий жариялауға шақырады.

Екі ұйым Африкалық адамдар мен халық хартиясына өлім жазасын жою туралы қосымша хаттама қабылдау бағытындағы Африкалық Одақтың жақындағы әрекеттерін құптайды. Өлім жазасын жоюға бағытталған 1989 ж. 15 желтоқсандағы Халықаралық азаматтық және саяси құқықтар туралы пактіге Екінші Факультативтік Хаттаманы жақын арада болған ратификациялаудан кейін мүше-мемлекеттер саны сексен бірге дейін жеткенін қуана атап өтті. Сондай-ақ, әлі қосылмаған барлық мемлекеттерді 2014ж. 25 жыл толатын осы хаттаманы ратификациялауға шақырады.

Еуропалық Одақ пен Еуропа Кеңесі Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелерін 2014ж. желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 69-шы сессиясында дауысқа қойылатын өлім жазасын қолдануға мораторий туралы қарарды қолдауға шақырады».

Қосымша ақпарат үшін:

Michael Mann +32 498 999 780 - +32 2 584 9780- Michael.Mann@eeas.europa.eu @EUHighRepSpox
Maja Kocijancic +32 498 984 425 - +32 2 298 65 70 - Maja.Kocijancic@ec.europa.eu @AshtonSpox_Maja
Sebastien Brabant +32 460 75 09 98 - Sebastien.Brabant@ec.europa.eu
Eamonn Prendergast +32 460 75 32 93 – Eamonn.Prendergast@ec.europa.eu

Follow us on Twitter @eu_eeas
www.facebook.com/EuropeanExternalActionService
www.eeas.europa.eu